

**Ұлытау ауданының аумағында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы**

***Күшін жойған***

Қарағанды облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 15 ақпандағы ХХХІІ сессиясының № 304 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 14 наурызда № 3702 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 2018 жылғы 23 шілдедегі № 201 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 23.07.2018 № 201 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ұлытау ауданының аумағында Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

2. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*  
*Аудандық мәслихаттың*  
*хатшысы*

*М. Маткенов*  
*Т. Сейтжанов*